

## **Құрметті Конгреске қатысушылар!**

### **Құрметті әріптестер!**

**XIII Қазақстан қаржы конгресіне** қош келдіңіздер!

Қалыптасқан дәстүр бойынша, бүгін Ұлттық валюта күні мен қаржыгерлердің кәсіби мерекесіне арналған Конгресімізді өткізіп отырмыз. Бұл іс-шара мемлекеттік органдар мен қаржы нарығының қатысушылары арасында сапалы сұхбат орнатуға, дәйекті ақпарат алмасуға және нәтижелі пікірталас жүргізуге арналған тиімді алаңға айналды.

### **Құрметті әріптестер!**

Қаржыгерлер конгресінің кезекті жиынында сіздермен қауышқанымға қуаныштымын! Ең алдымен, барлығыңызды **Ұлттық валюта күні – кәсіби мерекемізбен** шын жүректен құттықтаймын!

Сонымен бірге, Евразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің орталық банктерін басқарып отырған **мәртебелі меймандарымызға** да ерекше құрмет білдіргім келеді.

### **I. Макроэкономикалық жағдай**

Еліміздің экономикасы орнықты даму жолында: өсім 6 пайыздан жоғары, негізгі капиталға құйылған инвестициялар артып келеді, экономика біртіндеп әртараптануда, көлік, құрылыс және өңдеу өнеркәсібінде жақсы нәтижелер бар.

Дейтұрғанмен, инфляция әлі де тәуекел туғызып тұр – себебі ол нысаналы межеден жоғары. Дегенмен айлық көрсеткіш

бойынша бәсеңдеу байқалады. Халықтың инфляциялық күтулері де **төмендеп келеді**. Бұл – Ұлттық Банк, Үкімет және басқа да мемлекеттік органдар жүргізіп отырған жұмыс өз нәтижесін бере бастағанының айғағы. Бірлескен күш-жігерімізбен инфляцияны төмендетіп, азаматтардың әл-ауқатын арттыра аламыз.

Осы жағдайды ескере отырып, **баға тұрақтылығын** сақтау үшін Ұлттық Банк барлық қажетті шараларды қабылдап отыр. **Қазанда** базалық мөлшерлеме **18 пайызға дейін көтеріліп, ақша-кредит шарттарының қажетті деңгейде сақталуына** мүмкіндік берілді.

## **II. Жүзеге асқан шаралар**

Проценттік саясатпен бірге біз бірқатар монетарлық құралдарды да күшейттік. Қыркүйектен бастап ең төменгі резервтік талаптардың жаңартылған тәртібі қолданысқа енгізілді.

Валюталық нарықта ақша массасына түсетін қысымды азайту және монетарлық бейтараптықты қамтамасыз ету үшін алтын операцияларын «айналау» тетігі іске қосылды.

Үкіметпен бірлесіп, инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі Кешенді шараларды өзектендірдік, сондай-ақ бюджет қағидаларын қолдану және 2026–2027 жылдары қаржылық шоғырлануға көшу мәселелерін пысықтадық. Бұл – елімізде жүргізіліп жатқан салық реформасымен үйлесімде жүзеге асырылып отыр.

Ұлттық Банктің макропруденциялық өкілеттіктері күшейтіліп, қосымша реттеушілік талаптар енгізілді. Тұтынушылық несиенің

шамадан тыс өсуін тежеу үшін банктерге жеке тұлғаларға берілетін кредиттер бойынша салалық контрциклді капитал буфері белгіленді.

Біздің еліміз ашық жаһандық экономиканың бір бөлігі ретінде қаржы нарығымен бірге толыққанды цифрлық трансформациядан өтіп жатыр. Қазіргі таңда цифрландыру - жай ғана бағыт емес. Бұл өзгерістердің өзегінде Ұлттық Банк тұр: оның инфрақұрылымы негізінде бүкіл қолма-қол ақшасыз экожүйе қалыптасты. Оған цифрлық теңге платформасы, банкаралық мобильді аударымдар жүйесі, Open API және Ұлттық антифрод-орталық кіреді.

Қазақстан аймақта бірінші болып халықаралық ISO 20022 стандартын толық енгізді. Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымының технологиялық құрылысы аяқталды. Үкіметпен бірлесіп цифрлық теңгені кеңінен қолдану бағытында жұмыс жүріп жатыр. Біртұтас ұлттық QR-код енгізілді.

### **III. Алдағы жоспарлар**

Цифрландыру ісі келешектің негізгі даму бағыты болмақ. Ұлттық Банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен нарық қатысушылары қаржы реттеушілерінің бес жылдық цифрландыру стратегиясын әзірледі. Жыл соңына дейін Мемлекеттік цифрлық активтер қоры іске қосылады.

Біз цифрлық активтерді кастодиалды сақтауға қатысты ұлттық жүйені құруға кірістік. Ел ретінде мұндай активтерді сақтайтын дербес, тәуелсіз инфрақұрылымымыз болуы керек. Бұл жүйе Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі негізінде

қалыптасады. Сонымен қатар цифрлық валюталарды пайдалана отырып, алғашқы трансшекаралық төлемдер іске асырылады.

Келесі қадам – деректер экономикасына және жасанды интеллектке көшу. Ұлттық Банк деректерге негізделген экожүйе құрып жатыр: Қаржы нарығының деректер фабрикасы іске қосылды, ал антифрод, талдау, валюталық мониторинг және ПӘК/ҚТҚ бағыттарына арналған ЖИ-агенттер енгізілуде.

Цифрлық активтерді реттеуге арналған құқықтық алаң қалыптастырылып жатыр: жаңа заңда олар қаржы секторының бөлігі ретінде айқындалған.

Біздің басты назарымызда – бағалы қағаздар нарығы. Нарық қатысушыларымен, жетекші сарапшылармен және халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп, қор нарығын кешенді түрде қайта қарау және реттеу ісін жаңғырту тәсілдерін талқылауды көздейміз.

### **Құрметті әріптестер!**

Бүгінде банк секторы аралас кезеңде. Қаржы саласында елеулі өзгерістер болып жатыр:

- бірқатар макропруденциялық талаптар енгізілді;
- бұған дейін мемлекеттен қолдау алған банктермен сол қаржыны қайтару жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр;
- салық-бюджет саясаты қайта қалыптасуда.

Осы ретте банктер қауымдастығына біздің бастамаларымызды жүзеге асыруға көрсеткен қолдауы үшін алғыс білдіремін. Банктердің жауапкершілікпен әрекет етіп отырғанын көріп отырмыз.

Қаржы жүйесінде мыңдаған маман еңбек етеді. Банк пен реттеуші органдардың жетістігі артында – адамдардың еңбегі, табандылығы мен кәсіпке деген адалдығы тұр.

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін біз қаржы секторын қорғауға және оны тұрақты дамытуға міндеттіміз.

Сөзімді қорытындылай келе, барша жиналған қауымды Ұлттық валюта күнімен тағы да құттықтаймын. Конгресстің жемісті өтуін және қызықты пікірталастар болуын тілеймін.

Назарларыңызға рахмет!